

ӘОЖ 008(1-6)

Е.Қ. Қасабекова\*, А. Мұқанбетқалиева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: enlik78@rambler.ru

### Ирандық әдет-ғұрыптардың ерекшеліктері

Әдет-ғұрып халық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Мақалада ирандықтардың әдет-ғұрыптарындағы ерекше үйлену үрдісіне баса назар аударып, олардың үйлену тойының барысында қолданылатын әдет-ғұрыптар сөзге тиек етіледі. Иран халқы нағыз мұсылман елі ретінде ертеден келе жатқан үйлену тойына байланысты дәстүрлері мен салттарын ұстанады. Иран елінің, иран халқының осы тұрғыда қолданылатын әдет-ғұрыптары ерекше және қызық, осы себепті аталмыш тақырыпқа тоқталуды жөн көрдік. Ирандықтардың некеге тұру үрдісі, той жасаудағы қызықты тұстары және жалпы мәдени ерекшеліктер мақала арқауы болып табылады.

**Түйін сөздер:** Иран, дәстүр, әдет, халық, ұстаным, неке, уақытша неке, ажырасу, қалыңмал, ата-ана.

E.K. Kassabekova, A. Mukanbetkalieva

#### Specialities of Iranian traditions

This article was written about Iranian cultural wedding traditions. Iranians as the other countries, follow the main cultural wedding traditions, which have a beginning from the earliest times.

**Key words:** Iran, culture, tradition, speciality.

E.K. Касабекова, А. Мұқанбетқалиева

#### Особенности обычаев и традиций иранцев

В этой статье рассматриваются иранские национальные и этнокультурные свадебные традиции, которые берут начало с самых давних времен.

**Ключевые слова:** Иран, обычай, традиция, особенность, брак, развод, калым, родителей.

Әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Бұл мақалада әр ұлттың әдет-ғұрыптарындағы ерекше тоқтала кететін жағдай – үйлену үдерісіне баса назар аударып, үйлену тойының барысында қолданылатын әдет-ғұрыптар сөзге тиек етіледі. Иран халқы нағыз мұсылман елі ретінде ертеден келе жатқан үйлену тойына байланысты дәстүрлері мен салттарын ұстанады. Иран елінің, иран халқының осы тұрғыда қолданылатын әдет-ғұрыптары ерекше және қызық, осы себепті аталмыш тақырыпқа тоқталуды жөн көрдік.

Егер ирандықтардың неке қию рәсімдеріне тоқтала кетсек, екі жас бір-біріне ғашық болған сәттен бастап, олар үйлену жайлы ойлана бас-

тайды. Бұл жағдайда ирандықтар мен қазақтардың салт-дәстүріндегі алғашқы ұқсастығы екендігін байқаймыз. Алдымен, жас жігіт болашақ жарының ата-анасының алдына келіп, үйлену жайлы ойын айтады. Ата-аналары батасын берген жағдайда, қыздың қалыңмалы туралы сөз қозғалады. Әдетте дәстүр бойынша, қыздың «қалыңмалы» деп оған қажет барлық заттарды айтады: жиһаз, кілем, тұрмысқа қажетті барлық техникалық жабдықтар [1, 2-6].

Жалпы неке сөзі парсы тіліне «неках» деп аударылады. Кез келген ата-ана қызына ең жақын, қамқор адамдар ретінде, қызының жақсы үйге келін болып түсуін, еш қиындық көрмеуін қалайды. Сол себептен, қызын берген отбасы-

ның материалдық жағдайына да аса назар аударылады. Егер де жігіт жақтың материалдық жағдайы тұрақсыз болса, қыз тарапынан оны тіпті әлі үйленуге ерте деп есептеп, кейінге қалдырады, яғни бұл қызды ол жігітке бермеудің амалы болып табылады.

Ерте заманда қазақтар секілді ирандықтар да қалыңдықты әке-шешесі тарапынан таңдайтын еді. Бұл таңдауға келісу-келіспеуді күйеубаладан сұрамайтын. Ал қазіргі заманға тоқталар болсақ, алдымен жастар кездеседі, бір-біріне ғашық болады, ал ата-аналарының батасын тек тұрмыс құруға шешім қабылдағаннан кейін ғана сұрайды және әкесі келісімін бермеген жағдайда да жастардың некесі қиыла береді.

Ислам заңы бойынша ер адамдардың 4 әйелмен некелесуге құқығы бар. Алайда бірінші әйелі неке қияр алдында мынадай шарт қояды және бұл шартта: «Өмір бойы онымен болуы туралы және басқа әйелмен некелеспеуге сөз береді». Ер адам бұл шартқа келіскен жағдайда ғана қыз оған тұрмысқа шығады. Мұндай шарт «уақытша некеге» тұруға кедергі болып табылады. «Уақытша неке» парсы тіліне «сифе» деп аударылады.

Ер адамға бірінші әйелі басқа әйел алуға келіскен жағдайда ғана төрт әйелмен немесе басқа некеге тұруға мүмкіндігі бар. Алайда, төрт әйелмен некелесу оңай шаруа емес: заң бойынша күйеуі төрт әйеліне де бірдей моральдық, психологиялық, материалдық қарым-қатынасты бірдей жасау керек. Сол себептен Иранда еркектер көп әйел алуға жүрексінеді, сондықтан материалдық жағдайы бар, бай еркектер ғана көп әйел алуға мүмкіндігі бар.

Иран Ислам Республикасында «уақытша неке» деген түсінік бар, осы жайында сөз студі жөн көрдік. Исламның ең алғашқы пайда болу кездерінде адамдар көптеген соғыстарды басынан өткерді, сол себептен көптеген әйелдер күйеусіз қалған. Мысалы, егер құрбысы баласымен жалғыз қалған жағдайда, әйелдер оны аяп, өзінің күйеуіне екінші әйел ретінде алып беретін болған. Жалпы көп әйел алу заңы жалғызбасты қалған әйелдердің болмауына ықпал етеді. Осы тұрғыда Иранда уақытша некелер де заңдастырылады. Уақытша неке құру үшін заң бойынша арнайы мерзім беріледі. Мерзімі немесе уақыты келген жағдайда екі жақтың келісімі бойынша бұл некенің мерзімін ұзартуға болады немесе бұл некені тоқтатуға болады. Мыса-

лы, ер адамның материалдық жағдайы тұрақсыз болған жағдайда, мұндай уақытша некелер тоқтатылады. Тұрақты неке тек мұсылмандар арасында тіркелген болса ғана, заңды түрде жүреді [2, 4-б.].

Ал енді формальдық жағынан сәл ауытқып нағыз неке қию барысына келер болсақ, Иранда күйеубала үйленер алдында, өз ғашығына «мағрие» ұсынады. «Мағрие» парсы тілінен аударғанда – махаббат деген түсінікті береді, яғни махаббатына арналған ерекше сый. Ол сый не көлік, не асыл тас болуы мүмкін. Сөздің қысқасы ол күйеубаланың қалыңдыққа той алдында сыйлайтын сыйы. Ең қызығы – егер де той болмай қалған жағдайда немесе екі жұп айырылысқан жағдайда да ер жігіт берген сөзінен таймай, уәде еткен сыйын беруі тиіс.

«Әр халықтың салты басқа, иттері қара қасқа», – дегендей ирандықтардың осындай ерекше салт-дәстүрлері бар. Тойдың белгіленген күні келгенде, тойдың діни және әкімшілік рәсімдері орындалады. Әдетте той мешітте, мейрамханада немесе егер қарапайым отбасы қымбат тойға шығындалғысы келмесе, өз үйлерінде өтеді. Сол жерге нотариус шақыртылып, неке заңды түрде қиылады. Әр мұсылман рухани, яғни діни молданың айтатын қасиетті сөздерін жатқа біледі. Ол сөзді айтқан кез келген жұп ерлі-зайыпты болып саналады. Исламда жас жұптардың неке құруы уағыздалады. Сондықтан ирандықтардың жас жұптарының жастары шамамен 20-21 жастан басталады. Тойға шақырылған қонақтар саны 200-300 шамасында болады. Бұл ирандықтардың қазақ халқы сияқты қонақжай, кең пейілді екендігін көрсетеді. Өткізілген тойдың ақысын әдетте жігіт жақтың отбасы мойнына алады.

Соңғы кездері Иранда, басқа батыс елдеріндегідей, тойдан кейін «бал айын» шет елдерде тойлау үрдісі қалыптаса бастады. «Бал айы» парсы тілінде «Мах-е асал» деп аталады. Кейбір ирандықтар әдейілеп қарапайым мереке ұйымдастырып, қалған қаржысына жұбайымен бүкіл әлемді шарлап, саяхаттар ұйымдастырады.

Иранда жас ажырасқан жұптардың пайызы өте төмен және де мұндай ажырасулар ата-аналары мен бірін-бірі сыйламаушылық деп есептелінеді және ислам шарифатына қайшы келеді.

Естімеген елде көп дегендей, ирандықтардың некеге байланысты мынадай қызықты көрінісі бар екен: егер де күйеуі әйеліне үш рет

«талақ» деп айқай салса, ол әйелінің екеуінің ажырасқандығы жайлы айтады-мыс [3, 7-б.]. «Талақ» қазақ тіліне «кет, әрмен, бөлек» деген сөздермен аударылады. Мұндай сөзден кейін әйелі бүкіл заттарын жинап, үйден кетуі тиіс екен.

Біз дәстүрлі ирандықтардың үйлену тойларының салттарын талқыладық. Ал енді «заманауи ирандықтар» жайлы сөз қозғасақ... Өздеріңіз білетіндей қазіргі жастар, өскелең ұрпақ біздің ата-аналарымызға қарағанда өмірді таныған, көзі ашық жандар. Олардың көздегені – асқақ арман мен биік мансап. Қазіргі жастар, әсіресе қыз-балалар «тезірек тұрмыс құрсам, нәрестелі болсам» деп армандамайды. Олар өз алдына тәуелсіз болғысы келеді. Күйеуге шығып, үйде отыру перспективасы оларды аса қуантпаса керек... Соңғы жылдары, шетелге шығу мүмкіндігінің жеңілдеуі мен шет университеттерде білім алу мүмкіндігінің пайда болу кезеңінен бастап, Иран қыздарының 60-тан астам пайызы өз еркімен шет елдерде білім алуға бел буған. Әрине, осындай дамыған жас қыздардың интеллектуалды білімімен бәсекеге түсу жас жігіттерге қиынға түсер. Қазіргі Иран қыздары шетелге оқу бабымен, не жұмыс табу мақсатында жол тартады. Үйленбеген жас қыздарға тұрғын үй табу мәселесі қиынға соғатындықтан, жас қыздар мынадай айлаға баруларына тура келеді: таңдаған үйін жалға алу үшін, сол үйдің иесіне «күйеуім бар» деп айтады. «Күйеуім Иранда, өзім болсам білім іздеп шетелге жол тарттым», – деп айтады екен. Шет елдерде жалғыз, күйеуі жоқ қыздарға пәтерді жалға берудің өзі қиындық тудырса керек. Бұл бір жағынан қазіргі таңның қыздарының батыл, өзіне-өзі қамқор бола алатындығын көрсетеді. Дегенмен тұрмыс құру жағы құлдырамаса болғаны... [4, 6-б.]

Ирандық жастардың басым көпшілігі үйлену тойын материалдық жағдайы тұрақталған сәтте ғана өткізуді жөн санайды. Сондақтан да

көптеген «кеш тұрмыс құрған» жұптарды көру ғажап емес. Осы мәселені шешу аясында Иран үкіметі де бейжай қалған жоқ.

Ирандықтардың дәстүрлі той өткізу рәсімдері қымбат болғандықтан, Иранның өкімет басындағы басшылары жас жұптар үшін жеңілдіктер мен несиелердің пайыздарын азайту сияқты жеңілдіктер орнатты. Алайда кей жағдайларда мұндай оңай пайда болған некелердің ғұмыры ұзаққа созылмайды.

Кейбір жағдайда материалдық жағдайы төмен қарапайым ирандық жастар үйлену тойларын бір күнде, бір жерде, яғни топтап өткізуді жөн көреді. Бұл парсы тілінде «Джашн-е аруси-е горухи», қазақ тілінде «топтық тойлар» деп аталады. Мұндай тойларда әдетте адам саны өте көп болады.

Қандай неке болмасын, қай елдің азаматтары болмасын, некенің басты мақсаты – екі жасты бір қылып, ұрпақтың бейбітшілігін қамтамасыз ету. Неке қазіргі таңда аса қасиетті ритуал болып саналады. Әрине, неке туралы көптеген ойлар мен толғаулар бар. «Некеге қай жаста тұру керек? Некеге тұрған жұптың діні, тілі бір болу керек!» сынды айтылған мәселелер бастан асады. Біздің айтайын дегеніміз, егер екі жас ғашық болса, олардың махаббаттарына ешқандай «лақап заңдар», діні мен ділінің әртүрлілігі кедергі бола алмайды. Осы мәселе төңірегінде лирикаға толы Ләйлі-Мәжнүн, Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың, Еңлік-Кебек, Қалқаман-Мамыр арасындағы пәк махаббат пен олардың қасіретке толы ғашықтық хикаятын мысалға алуға болады, десе де баянсыз махаббаттан кесір көріп жатқан жастар саны аз емес, ендеше жастар осы атаулы, жауапкершілігі мол үйленуді ойыншыққа айналдырмаса екен деп ойлаймыз. Болашақта қазақ халқында да, ирандық көршілерімізде де осындай шынайы махаббат пен сүйіспеншілікке толы махаббат дастандары пайда болатынына кәміл сенеміз.

#### References

- 1 [www.svadbatop.ru](http://www.svadbatop.ru)
- 2 <http://club.berkovich-zametki.com/>
- 3 <http://www.galasvadba.ru>
- 4 [www.svadbatop.ru](http://www.svadbatop.ru)